

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 61/18 "2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Соколов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 4 наурыздағы № 3/34 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 10 наурызда № 7154 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Соколов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 61/18 шешіміне (2021 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7049 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Соколов ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 36 275,4 мың теңге:

салықтық түсімдер – 8 117 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 130 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 28 028,4 мың теңге;

2) шығындар – 38 195 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 1 919,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 919,6 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 919,6 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық
мәслихаты сессиясының төрайымы

К. Бондарь

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық
мәслихатының хатшысы

Ж. Елеусизов

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2021 жылғы 4 наурыздағы
№ 3/34 Шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы № 61/18
шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Қызылжар ауданының Соколов ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	3 6275,4
1			Салықтық түсімдер	8 117
	01		Табыс салығы	3 100
		2	Жеке табыс салығы	3 100
	04		Меншікке салынатын салықтар	5 017
		1	Мүлікке салынатын салықтар	117
		3	Жер салығы	400
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 500
2			Салықтық емес түсімдер	130
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	130
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	130
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	2 8028,4

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 8 028,4
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	2 8 028,4
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	38 195
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 645
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 645
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 645
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 500
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7 200
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	300
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	11 550
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 550
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 550
13			Басқалар	500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	500
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	500
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 919,6
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 919,6
7			Қарыздар түсімдері	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты				Сомасы
	Сыныбы		Атауы	, мың
		Кіші сыныбы		теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 919,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 919,6
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 919,6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК